

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 1 қарашадағы N 1160 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын берудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 3, 39-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын берудің тәртібінде:

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға Келісім-шарт жасасу үшін тікелей келіссөздерге қатысуға өтінім, сондай-ақ мыналарды қамтуы тиіс:

1) зиянды, улы заттарды, қатты және сұйық қалдықтарды көму, ағын және өнеркәсіптік суларды ағызу орындары объектілерінің жалпы сипаттамасы (объектінің орналасқан жері, пайдалану мерзімі, ұстауға арналған шығындар, жер асты сулары, қоршаған орта және жер қойнауы мониторингі қадағалау желісінің болуы және орналасуы);

2) объектілердің физикалық сипаттамасы-оқшаулану сипаттамасы, тау жыныстарының түрлері, коллекторлық қабаттың орналасу тереңдігі және тиімді қуаты, оның алаңы, кеуектену коэффициенті, астыңғы және үстіңгі су ұстағыштардың сипаттамасы, жер асты сулары табиғи ағынының жылдамдығы, сандық және сапалық көрсеткіштер, тау-кендік, арнайы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық көму, қоймаға салу және ағызу шарттары;

3) қызметі зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық

қалдықтардың, ағын және өнеркәсіптік сулардың пайда болуына әкеп соғатын ұйымдар туралы мәліметтер (орналасқан жері және ведомстволық тәуелділігі);

4) зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, ағын және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасы (өнімнің атауы, нәтижесінде өнім пайда болатын техникалық өндіріс немесе процесс, олардың физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, улы компоненттердің болуы, өрт-жарылғыш қауіптілігі, ерігіштігі, сақталған кездегі басқа заттармен сыйымдылығы, ластандыратын негізгі радионуклидтер, олардың белсенділігі, тасымалдау жүйелерінің сипаттамасы);

5) геологиялық ақпараттың мемлекеттік сараптамасының қ о р ы т ы н д ы с ы ;

6) мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы.";

28 және 29-тармақтардағы "және сауда" деген сөздер "және бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 0 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен" деген сөздер "Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын";

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 0 - т а р м а қ т а :

"Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне" деген сөздер "Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және Мемлекеттік кіріс министрлігіне" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі